

ӘӨЖ 331.56

## ЭКОНОМИКА ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

**Купеева А.Е.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші – **Байжолова Р.Ә.**

**Аннотация:** Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық макроэкономикалық тұрақсыздықтың бір көрінісі ретінде негізделіп, жұмыссыздықтың негізгі себептеріне теориялық түсінік беріледі. 2015-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы бойынша жұмыссыздық динамикасы қарастырылды. Аймақтық, гендерлік, жастар арасындағы жұмыссыздықтың негізгі факторлары анықталды. Жұмыссыздықпен күрестегі негізгі мәселелер қарастырылып, қорытынды шығарылды.

**Кілт сөздер:** еңбек нарығы, жұмыссыздық деңгейі, жұмыссыздар, жұмыспен қамту бағдарламалары, нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар.

Қазіргі әлемдік кеңістікте әрбір мемлекеттің ішкі саясаты мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіретін жұмыссыздық, климаттың өзгеруі, эпидемиялар, экономикалық дағдарыс секілді мәселелерді шешумен

байланысты. Соңғы отыз жылдықта жұмыссыздық дамушы елдерде ғана емес, сондай-ақ дамыған елдерде де маңызды мәселелердің біріне айналды.

Жұмыссыздық – макроэкономикалық тұрақсыздықтың бір көрінісі және жұмыс күшінің белгілі бір бөлігінің еңбек нарығында жұмыссыз жүруін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде сипатталады.

Жалпы экономикалық әдебиеттерде жұмыссыздықтың пайда болуын келесідей 3 нақты себеппен байланыстырылады:

- еңбекке қабілетті азаматтардың жұмыстан босап қалуы;
- еңбекке қабілетті азаматтардың жұмыстан өз еріктерімен шығуы;
- еңбек нарығына жаңадан аяқ басуы (оқуды жаңа бітірген жастар) [1].

Қазақстан Республикасында еңбек нарығының негізгі индикаторлары ретінде жұмыс күші (экономикалық белсенді халық), жұмыспен қамтылған халық, жұмыссыздар және жұмыссыздық деңгейі анықталады.

Төмендегі 1-кестеде берілген мәліметтерге сүйенсек, соңғы бес жылдықта Қазақстан Республикасының еңбек нарығында айтарлықтай өзгерістер орын алғандығын байқауға болады. Мысалы, экономикалық белсенді халық немесе жұмыс күші 2015 жылы 8,8 млн. адамды құраса, ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында 9,2 млн. адамды құрады. 2020 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасында 8,8 млн жұмыспен қамтылған адам болды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,7%-ға артық. Экономиканың сапалы дамуының арқасында жұмыссыздық деңгейі 2015 жылы 5,1% -дан 2019 жылы 4,8%-ға дейін төмендеді. Алайда, 2020 жылдың үшінші тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 5,0%-ды құрап отыр. Негізгі себеп: коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты елде карантиндік шаралардың енгізілуі.

Кесте 1

**Қазақстан Республикасының еңбек нарығының негізгі индикаторлары, 2015-2020 ж.**


Жыл	Жұмыс күші, мың адам	Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	Жұмыссыз халық, мың адам	Жұмыссыздық деңгей, пайызбен
2015	8 887,6	8 433,3	454,2	5,1
2016	8 998,8	8 553,3	445,5	5,0
2017	9 027,4	8 585,2	442,3	4,9
2018	9 138,6	8 695,0	443,6	4,9
2019	9 221,5	8 780,8	440,7	4,8
2020	9 227,7	8 786,1	454,1	5,0

Ескерту: [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Ағымдағы жылы COVID-19 пандемиясының басталуына байланысты әлемдік экономикаға, әсіресе еңбек нарығына қатты соққы берілді. 2020 жылдың сәуір айының басында бүкіл әлем бойынша шамамен 3,3 миллиард адам немесе жалпы жұмыс күшінің 81%-ы толық немесе ішінара жұмыссыздар қатарында қалды. Қазақстанда өз кезегінде 2020 жылғы наурыз-сәуір айларында карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты 4,2 миллион қазақстандық

уақытша жұмыссыз болды. Тұтастай алғанда, коронавирустық пандемия тудырған дағдарыстың жағымсыз салдарына байланысты елдегі жыл соңында күтілетін жұмыссыздық деңгейі 6,1% құрауы мүмкін [3].

Жұмыссыздық деңгейі Қазақстан Республикасының аймақтарында айтарлықтай ерекшеленеді. 2020 жылдың екінші тоқсанында жұмыссыздықтың жоғары деңгейі халық тығыз орналасқан елдің оңтүстік аймақтарында байқалды – Алматы қаласы (5,3%), Шымкент қаласы (5,2%), Түркістан облысы (5,1). Аталған аймақтар жұмыс күші мол аймақтар қатарына жатады және өзін-өзі жұмыспен қамту кеңінен таралған. Жұмыссыздықтың төменгі деңгейі Қарағанды облысы (4,5%) және Нұр-Сұлтан қаласында (4,6%) тіркелген.



**Сурет 1. Қазақстан Республикасының аймақтарындағы жұмыссыздық деңгейі, 2020 жылдың екінші тоқсаны**

Ескерту: [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында әйелдердің жұмыссыз қалу қаупі ер адамдардан қарағанда жоғарырақ. Мәселен, әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі ер адамдар арасындағы жұмыссыздық деңгейінен 1%-ға жоғары болып келеді. Сондықтан, жұмыспен қамту бағдарламаларында әйелдер жеке санат ретінде мемлекеттік деңгейде қарастырылады.



**Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы ерлер мен әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі, 2015-2019 ж.**

Ескерту: [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Халықаралық интеграцияның және бәсекелестіктің күшеюі еліміздегі жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесіне ерекше назарды аударуды талап етеді. Жастардың әртүрлі салаларда жетерліктей біліктілігі мен тәжірибесі болмаса да, инновациялық және шығармашылық әлеуеті жоғары әлеуметтік-экономикалық белсенді топ. Сондықтан жастарды жұмыс нарығында жұмыспен қамтамасыз ету әрі олардың белсенділігін, бәсекеге қабілеттілігін жоғары деңгейде ұстап отыру маңызды. Төмендегі суретте жалпы жұмыссыздық деңгейінен жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі оң көрсеткішке ие екендігін байқауға болады. 2015 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші 4,4% болса, 2016-2019 жылдар аралығында сәйкесінше, 4,1%-дан 3,7%-ға дейін төмендеген. 2020 жылы бұл көрсеткіш 0,3%-ға көтерілгенін, яғни 4%-ды құрағанын көріп отырмыз.



**Сурет 3. Қазақстан Республикасындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі, 2015-2020 ж.**

Ескерту: [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Аймақтар бойынша жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі Алматы қаласында, Түркістан және Қарағанды облыстарында байқалады. Алматы қаласында жастардың жұмыссыздық деңгейі жоғары оқу орындарының көптігімен түсіндіріледі, яғни оқуды аяқтаған жастардың үштен екісі қалада қалады. Түркістан облысындағы жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі өндіріс орындарының салыстырмалы түрде аз санымен және халықтың жоғары тығыздығымен түсіндіріледі. Айта кету керек, жұмыссыздық деңгейі ең төмен аймақтар халықтың табысы жоғары аймақтар болды, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары.

Жоғарыда жүргізілген талдауларға сүйенсек Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық деңгейі жылдан-жылға төмендеп, соңғы бес жылдықта ең жоғары көрсекіш 5%-дан аспады деген оң қорытындыға келуге болады. Алайда, елімізде жұмыссыздық деңгейі қалай есептелетініне назар аударған жөн. Қазақстандық статистикада жұмыс күші қатарына: жалдамалы қызметкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жатады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жұмыспен нәтижелі және нәтижесіз қамтылғандар деп екі санатқа бөліп қарастырады.

Статистика комитетінің мәліметтері бойынша 2019 жылы республика бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны 2 099 249 адам. Ал олардың қызметі мен кірістерінің сипаты мүлдем басқаша. Олардың қатарына, кәсіпорын иелері де, кірісі күнкөріс деңгейіне жетпейтін отбасылық ақы төленбейтін жұмысшылар да жатқызылады.

Сондай-ақ, азаматтарды жұмыссыздар қатарына жатқызу үшін, оның ең алдымен тұрғылықты мекен-жайы бойынша Жұмыспен қамту орталықтарына немесе «электрондық үкіметтің» порталы арқылы «жұмыссыз» ретінде тіркелуі қажет. Бірақ, еңбекке қабілетті азаматтардың көпшілігі Жұмыспен қамту орталықтарына жүгінбей-ақ, өздері ғаламтор немесе басқа да тәсілдер арқылы ідеуді жөн көреді. Сондықтан, көбінесе жұмыспен нәтижесіз қамылғандар халықаралық классификацияға сәйкес, жұмыссыздар қатарына жатқызылуы мүмкін [4].

Біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстан Республикасында жұмыссыздық мәселесі әлі де алдыңғы қатарлардың бірінде. Олар:

- жұмысқа қабілетті жұмыссыз азаматтардың Халықты жұмыспен қамту орталықтарында «жұмыссыз» ретінде тіркелмеуі;
- әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі;
- еңбек нарығындағы ұсыныс пен сұранысқа ие мамандықтар арасындағы сәйкессіздік;
- мемлекеттік бағдарламалар уақытша жұмыс орындарын ашуға бағытталған;
- нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың жұмыс күші қатарына жатқызылуы.

Келесідей шараларды қолдану арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге болады:

- мемлекеттік бағдарламаларда тұрақты жұмыс орындарын ашуды басты назарға алу;

• жұмыссыздық деңгейін есептеуде нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарды жұмыссыздар қатарында қарастыру;

• Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін жетілдіру;

• әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту және микроқаржыландыру көлемін арттыру;

• кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарының өндіріспен өзара байланысын арттыру.

Жұмыссыздықтың төменгі деңгейін ұстап тұру және халықты тиімді жұмыспен қамтамасыз ету – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі. Сонымен, бүгінде елімізде жұмыссыздықты төмендетуге және еңбек нарығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда: «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» және «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Еңбек».

Қорытындылай келе, жұмыссыздық – кез келген мемлекет экономикасының негізгі аспектісі ретінде, әрқашанда көрініс табатын макроэкономикалық мәселе деген тұжырымға келуге болады. Жоғарыда жүргізілген талдауларға сүйенсек, Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық деңгейі соңғы бес жылдықта 5-5,1%-да тұрақталғанын байқаймыз. Алайда, жұмыссыздық мәселесі өзінің өзектілігін жоғалтпайды. Экономикалық дамып келе жатқан мемлекеттің, әсіресе дамудың жаңа деңгейіне қадам басқан Қазақстан Республикасының басты мақсаты – еңбекке қабілетті адамдарды, әсіресе жұмыс істеуге шынымен мұқтаждарды қамтамасыз ететін қызметті бақылау екендігін атап өткім келеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Доғалов А.П., Досмағанбетов Н.С. Экономикалық теория. Оқу құралы. – Алматы. 2014-453б.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрлігі Статистика комитеті. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://www.stat.gov.kz/>

3. Рынок труда Республики Казахстан, 2020. [Электронды қор]. – Ranking.kz. <http://ranking.kz/ru/a/reviews/rynok-truda-respubliki-kazahstan-2020>

4. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңы. [Электронды қор]. - Кіру тәртібі: <http://www.adilet.zan.kz/>